

Ертіс аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі "Ертіс аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 219-40-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 тамыздағы № 77-17-6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 тамызда № 5613 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 111-22-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 12.01.2018 № 111-22-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 8-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" № 704 Жарлығына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі "Ертіс аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 219-40-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4749 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 қазандағы "Ертіс нұры" және "Иртыш" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесінде "9-бабына" деген сөзі және саны "8-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына" деген сөздері мен сандарына ауыстырылсын.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылау Ертіс аудандық мәслихатының бюджет, әлеуметтік саясат және заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Шингисов
Б. Шингисов*

